

Үкімет

Сырда сода өндірісі серпін алады

Дүйсенбіде Премьер-Министр Өлхан Смайылов Қазақстан экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді. Үкіметтің баспасөз қызметінің мәліметінше, отырыста салық салу нормалары, оның ішінде салық салу мақсаттары үшін «роялти» ұғымын қолдану, энергия өндіруші ұйымдардың мүлкіне салық салу объектісін айқындау бойынша, сондай-ақ ҚҚС есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлардың жаңартылған тізбесін қолдану мерзімі қаралған.



Талқылау қорытындысы бойынша Премьер-Министр алғашқы екі мәселені барлық мүдделі тараптардың пікірін және әлеуметтік-экономикалық жағдайға ықпал әсерін ескере отырып, қосымша пысықтауды тапсырды. Сондай-ақ отырыста Қызылорда облысы Арал ауданы аумағында қалыңдығы сода өндіру зауытын салу жобасы қаралды. Оны іске асыру шамамен 140 млрд теңге инвестиция тартуға, 700-ден астам тұрақты жұмыс орнын ашуға және жылына 300 мың тоннаға жуық өнім өндіру есебінен импортты алмастыруға мүмкіндік береді.

Премьер-Министр зауытқа қажетті инфрақұрылым құрылысын қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруды, сондай-ақ жобаны инвестор тарту турғысынан пысықтауды жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар отырысқа қатысушылар Ақтауда көпфункционалды қонақ үй-туристік кешен салу мәселелерін талқылады. Бұл 170 млрд теңге инвестиция тартуға, 4000-ға жуық тікелей және жанама жұмыс орнын ашуға, сондай-ақ Маңғыстау облысына туристік ағынды 850 мың адамға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Үкімет басшысы жобаны іске асыруды жеделдетуді және құрылыс басталған барлық объектілерді аяқтау үшін «ҚДБ» АҚ бюджеттік несие бөлу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Отырысқа қатысушылар мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру мәселесін де қарастырды.

Ел жаңалықтары

«Kazsat-3» жер серігін Тәжікстан да пайдалана алады

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ және Тәжікстандық «Исател» ЖШҚ «Kazsat-3» ғарыш аппаратының транспондерлік сыйымдылығын ұсыну бойынша қызметтерді көрсету туралы шартқа қол қойды.



Құжатқа сәйкес, Тәжікстанда қазақстандық жерсеріктік байланыс ресурстары арқылы еліміздің алыста орналасқан елді мекендері үшін байланыс арналары ұйымдастырылады. Шартқа «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Василий Леонов пен «Исател» ЖШҚ директоры Умед Тагоев қол қойды.

«Исател» ЖШҚ компаниясы «Телерадиоком» ААҚ еншілес ұйымы және Тәжікстандағы байланыс операторы болып табылады. Оның Душанбе қаласында өзінің телепорты және желілік басқару станциясы бар, елдің мемлекеттік органдары мен жеке компаниялары үшін Интернетке қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Қазақстанның жерсеріктік байланыс жүйесі еліміздің байланыс қызметтері қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ Қырғыз Республикасына да ғарыштық байланыс өнімдерін жеткізеді.

Айта кетсек, цифрлық индустрия қызметтерінің экспортын ұлғайту міндетін Ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет экономикасын дамытудың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде атап өткен еді.

Егінжай – 2022



Егісті әртараптандырған «Егінші»

Ауданымызға қарасты Мырзабай ахун ауылының кәсіпке бейімделуі де, тыныс-тіршілігі де соңғы жылдары ілгерілеп келе жатқанын айтып келеміз. Қазір бұл елді мекенге бара қалсаңыз қызу еңбектің куәсі боласыз. Сондай қызу тірліктің бел ортасында «Егінші» шаруа қожалығының диқаншылары да жүр. Осыдан бірнеше күн бұрын Мырзабайда күріш пен жоңышқаны ғана танитын біз үшін таңсық дақылдың егілгенін естіп, ауылға ат басын бұрған едік.

Әкімдіктің алдынан күтіп алған «Егінші» ЖШС агрономы Алмат Өмірбаев бізді өзінің жол таңдамайтын көлігіне отырғызып, алқапқа қарай тартты. Ағамыздың айтуынша, қазіргі таңда мал азығын дайындау жұмыстары басталып, жауапты науқан қыза түскен. Алқап басына барғанымызда жоңышқалықтың біраз бөлігі орыла бастапты. «John Deere» деп аталатын америкалық қуатты комбайн көдімгі жүгері сабағына ұқсайтын шөпті орып жүр екен. Техниканың жылдамдығы жаман емес, көдімгі күріш оратын комбайн. Ору машинасының рөлінде отырған азамат Қайрат Тұңғышбаев осы шаруашылықта жұмыс істегеніне біраз жыл болыпты. Ол кісімен тілдескенімізде, ол бізге быыл жоңышқа алқаптарының шығымы мен түсімі көңіл көншітетінін жеткізді.

Қай өнімнің жерге қандай пайдасы не зияны бар, мұның бәрін ғылыми түрде зерттеп тастаған, үнемі ізденіс үстінде жүретін шаруа қожалық төрағасы Ерұлан Өмірсеріков Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан қант құмайының 1 тонна тұқымын алдыртыпты.

– Биыл шаруашылықтың 47 гектар жеріне қант құмайының жаңа сорты эксперимент ретінде бірінші рет егілді. Қант құмайы – жүгері секілді өсетін дақыл. Қант құмайын жоңышқамен араластырып гектарына 20 келі тұқым салдық. Жаңа тұқым болған соң, ауру-шандыққа төтеп беру мүмкіндігі зор. Бұл сорт бидайдың орнына егілген, бір артықшылығы күріштен тозып шаршаған жерді көдімгі ескі жоңышқа 3 жылда тыңайтып, қалпына келтірсе, қант құмайына 1 жыл да жеткілікті. Бұл сорт біздің өңірге өте қолайлы. Топырақтағы тұздарды өзіне сіңіреді, тамыры жерге қара шірік болып қалады, азоттандырады. Келесі жылы ол өскен кезде балауса күйінде орып,

жермен қоса жыртып тастаған жағдайда биоорганика болады. Бұйырса, жақсы нәтиже беріп жатса, келесі жылы егістің көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз, – дейді шаруашылық агрономы Алмат Өмірбаев.

Жоңышқа алқабы толығымен арықпен суарылады. Алқаптан күтіп алған өндіріс бригадирі Ерлан Базарбаев та бұл ретте су шаруашылығының жұмысына ризашылығын білдірді. Ерекеннің айтуынша, су керек мезгілінде қажетті мөлшерде бөлініпті. Сондай-ақ шаруа қожалық қажетті соңғы үлгідегі заманауи техникамен жеткілікті қамтамасыз етілген. Шөп шабатын комбайнның да еңбек өнімділігі жоғары, оған алқап басында көзіміз де жетті. Бригадада 12 сушы, жоңышқаға қарайтын 3 қарауыл еңбек етіп жатыр екен.

«Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, соңғы жылдары аяқ

су мәселесі ешқандай шаруашылықты айналып өтпеді. Десе де жергілікті шаруашылықтар егінді әртараптандыру су тапшылығының алдын алу үшін таптырмас мүмкіндік екенін түсінетін уақыт келді. «Егінші» сияқты шаруашылықтар егінді әртараптандыру жұмыстарын бастап та кетті. Енді олардың қатары артса, бұл мәселені де айналып өтеріміз анық.

Тағы бір айта кететін жайт, биыл шаруа қожалық бақша дақылдарын егуге де жер бөлген. Асқабақ егуге 4 гектар жер берілсе, бақша өнімдерін егемін деген жеке адамдарға да жер қаралған. Бау-бақша дақылдарын егуге қожалықтың барлық сушылары да тартылған жаздың бір күні қыстың мың күнін асырайтынын жақсы түсінген олар өздерінің қыстық азығын осы жерден дайындап алады екен.

Жалпы еңбек ететін деген адамға жұмыс көп екенін шаруашылық қызметкерлеріне қарап түсінуге өбден болады. Елден ала бөтен шалғы сілтеген шаруа қожалықтың ауызбіршілігі һәм табандылығы жоғары өнімнен дәмелі екенін анық байқатты.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Ауыл тынысы



Еңсе тіктеген еңбек

Президент жарлығына сәйкес ауыл әкімдерінің халықпен кездесуі Еңбек ауылында да өтті. Жиын барысында ауыл бойынша II тоқсанда атқарылған жұмыстар сараланып, талқыланды. Еңбекпен еңсе тіктеген елді мекеннің бүгінгі тірлігі тындырымды, шаруасы ширақ. Халқы да бірлікті ту етсе, ауыл әкімі елді мекеннің гүлденуіне жүйелі жұмыс атқаруда. Кездесуден түйгеніміз, елді мекенде жүйелі жұмыс бар, бірақ алдағы уақытқа жоспар да жоқ емес. Тарқатып көрелік...

Сәуір айынан бастап ауылдың ішкі аяқ су жүретін арықтары құл-қоқыстан тазартылып шығарылған 24 куб құл-қоқыс елді мекен сыртындағы тиісті орынға шығарылыпты. Ауыл әкімінің өткен жылғы халықпен кездесуінде Қ.Адаев көшесінің 15 жылдан бері бір фазамен жұмыс жасап, электр энергиясының күші өте аз екені айтылып, жаңа трансформатор орнату мәселесі көтерілген болатын. Аталған мәселе бойынша биыл мамыр айында аталған көшеге Сырбай ата көшесіндегі трансформатордан үш фазалық электр энергиясы тартылған. Ауыл әкімі Қ.Қалданов жыл басынан бері жеке қабылдауға келген 6 тұрғынның барлығының өтініштері қанағаттандырылғанын атап өтті.

Кездесуде баяндалғандай, ауылда мәдениет саласы бойынша ауқымды жұмыс-

тар атқарылып келеді. Мәселен, биыл Балалар жылы аясында домбыра үйірме мүшелерінің қатысуымен «Күй киелі – өнер» атты аудандық күй байқауы өткізілген. Бұдан бөлек Мәдениет және өнерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жігіт сұлтаны – 2022» аудандық байқауында бақ сынаған Сағындық Серікбол жүлделі III орын иеленсе, Бұқарбай Естекбайұлының туғанына 210 жыл толуына орай «Ел қорғаған – ер бабам» атты ардагерлер арасындағы аудандық жазба ақындар мүшәйрасында Қозыбек Әбілдаев жүлделі I орын алған. Сонымен қатар үрдіске айналған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінен еңбектік Бекниязовтар отбасы жүлделі II орынды иеленіп, облысқа жолдама алыпты.

Қазір жергілікті шаруашылық төра-

ғаларының туған жерін түлетуге атсалысып жатқаны бізді қуантады, әрине. Әсіресе өңірдің өрісін кеңейтіп, ауылды абаттандыру бағытында серіктестік басшылары тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар Еңбек ауылында анық байқалады. «Еңбек-Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ауыл орталығындағы аялдама жанына брусчатка төсеу, гүл егу және демалыс орнына өткеншек орнату жұмыстарын жүргізген.

Бұған дейін де мақаламызға арқау еткендей, ауылдың жанашыр азаматы Шакизатхан ағамыздың еңбегін айтпай кетуге болмас. Еңбектің өңсе тіктеуі, көркейіп-кеңалдануы жолында аяңбай қолғабыс болып жүрген ел ағасының игі ісі көпке үлгі боларлықтай дүние. Әсіресе еңбектік ағайынның әлеуметтік жағдайының түзелуіне де көп көңіл бөліп келеді.

Айта кететін болсақ, «Еңбек-Жер» ЖШС төрағасы Шакизатхан Ысқақов бұған дейін ауылдың үстімен өтетін үлкен жолға жарық бағаналарын орнатып, елді мекен ішінен бірнеше балалар ойын алаңын салуға қолғабыс етті. Қазір ауылдың ақсарын айынықтап, елдің әлеуетін арттырар барлық жобада жомарт жанның қолтаңбасы бар десек, қателеспейміз.

Шакизатхан Ысқақовтың бір ғана шаруашылықпен бүтін бір ауылдың қажетіне жарап, өңірді өркендету жолында жарқын жобаларды қолға алғаны кейінгі буынға үлгі болары анық. Әр жылдардағы күзгі науқанның уақытында шаруашылықтағы дала дарабоздарының еңбегін лайықты бағалап, олардың әлеуметтік жағдайына да көңіл бөлген атпал азаматпен аққошқарлықтар мақтанады.

Бір қуантарлығы, туған жерге тағзым етіп, елдің алғысын алуды көздеген ауыл жанашырының Еңбекте жүзеге асырар жұмыстары жалғасын тауып келеді. Кейін жергілікті халыққа арзан бағада өз өнімін ұсынатын арнайы сауда орталығын салды. Қазір ауыл тұрғындары той-томалақ, құдайы ас секілді отбасылық дәстүрлі шараларды өткізу үшін бұрынғыдай аудан не облыс орталығына сабылмайды. Себебі мұндай шараларды өткізетін ауылда жаңа тойхананың зәулім ғимараты бар. Оның да құрылысының қалануына Шакизатхан ағамыз қыруар қаржы бөлді. «Ауылына қарап азаматпен таны» деген қазаққа қанатты сөз бар. Осы бір мағыналы сөздің мәніне терең үңілген ел ағасы туған жерге тағзым етудің жадынан шығармай, көпшілігімен көптің алғысына бөленіп келеді.

Игі істерінің бірінде тіпті ауылдағы Т.Дәуітбаев атындағы орталық көшенің бойында орналасқан қосқабатты 4 үйдің шатырын жаңартып, сыртын өрілеу жұмыстарын да жеке қаражатымен жүзеге асырды. Мұнан бөлек Қ.Адаев көшесіндегі 5 үйдің қоршауын заманауи үлгіде жаңартып, орнатып берді. Қартын қазынаға балаған ауыл баласы ардагер Қ.Бекниязов атамыздың да жаңадан бой көтерген тұрғын үйінің шатырын орнатып, ақсақалдың батасын алды.

Ал осындай ел үшін еңбек етіп жүрген ел ағасының елеулі ісін жалғастырып жүрген, әлеуметтік әлеуетін арттыруда жүйелі жұмыстарды атқарып жүрген ауыл әкіміне елінің айтарықтай өкпесі жоқ екенін білдік. Бастысы ауылда тіршіліктің көзі бар, ауызбіршілік бар, үйлесімді тірлік бар. Қалғаны кезең-кезеңімен жүзеге аса беретініне сенеміз.

Нұр НАУАН

Осыған дейінгі Үкімет отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жауапты азаматтарға тиісті тапсырмалар беріп, олардың орындалуына жүйелі жұмыс жасау қажеттігін қаперге салған болатын. Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде Үкіметтің кеңейтілген отырысында көтерілген мәселелер айтылып, тиісті тапсырмалардың өңірде орындалуы пысықталды.

1,5 сағатқа жалғасқан мәжілісте күн тәртібіндегі 5 мәселе қаралды. Өңір басшысы осыған дейінгі кей салаларда атқарылған жұмыстарға көңілі толмайтынын да жасырмады. Сондықтан бұған дейінгі жүзеге асқан жұмыстарға тоқмәйлесуге әлі ерте. Керісінше бөлім басшылары мен елді мекен әкімдері әлі де жұмысты ширату керек секілді. Жынында түйген ой осы.

Алдымен ауданда жаңа жұмыс орындарын ашу мен халықтың табысын арттыру бағытында атқарылған жұмыстар тілге тиек етілді. Бұл тұста Асқарбек Темірбекұлы маусымдық жұмыспен қамтылған тұрғындар санымен сөз қумай, мейлінше ауданда тұрақты жұмыс орындарын ашуға күш салу қажеттігін қаперге салды. Ал баяндамашы Қанат Бөленбаев не дейді? Тарқатып көрейік...

Тұрақты жұмыс орындарынан маусымдық жұмыстардың үлесі басым

Иә, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуды, жұмыс орындарын ашу жұрттың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететінін және экономиканың тұрақты дамуы да осыған байланысты екенін қаперге салған. Халық саны көбейген сайын тұрақты жұмыс орындарын ашумен шектелмей, жастарды да жұмыспен қамтуға басымдық беру қажеттігін айтқан еді. Бұл тапсырмалардың Жалағашта орындалуы тәжіригінде аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал атқаруын тіркеу бөлімінің басшысы Қанат Шамшатұлы кеңінен тарқатты.

Бөлім басшысы 35 мыңнан астам тұрғыны бар ауданда экономикалық белсенді халық саны 14 947-ге жеткенін айтады. Ал жұмыспен қамтылған халық – 14 192. Десе де оның 9372-сін жалдамалы қызметкерлер құрайды екен. Ал жалағаштық 755 азамат бүгінде 2 қолға 1 күрек таппай жүр. Жұмыссыздық деңгейі – 5,1 пайыз, бұл көрсеткіш жастар арасында 4,5 пайызды құрап отыр.

Жыл басынан бері Жалағашта 2 420 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның 1342-сі тұрақты болса, 1078-і уақытша жұмыс екен. Алғашқы 6 айда 1383 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 637-сі тұрақты, 746-сы уақытша екен. Яғни ашылған бос жұмыс орындарының ішінде маусымдық жұмыстардың үлесі басым. Осы ретте Асқарбек Темірбекұлы мейлінше тұрақты жұмыс орындарын ашуға басымдық беру қажеттігін ескертіп. Қанат Шамшатұлы мәжілісте көсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаның орындалуын да назардан тыс қалдырмады.

Баяндамашының сөзіне сүйенсек, 1 жарты жылдықта 1409 адам халықты жұмыспен қамту орталығына хабарласқан. Оның 89,3 пайызы бағдарламаға қатысушылар құрамына еңсе, әлеуметтік жұмысқа 30, жастар практикасымен 144, қоғамдық жұмысқа 652, ұрпақтар келісімімен 3, алғашқы жұмыс орнымен 6, күміс жас жобасымен 9, тұрақты жұмысқа 414 адам орналасқан. Халықты жұмыспен қамту және еңбек ресурстарының тиімділігін арттыру бойынша мемлекеттік қолдау шаралары да көрсетіліпті. Бұл бағытта 1023,8 млн теңге қаржы қаралып, 1376 адамды жұмыспен қамту жоспарланса, қазіргі таңда 845 адам жолданған.

Мемлекеттік қолдау шараларынсыз 800 адамды жұмыспен қамту қажет болса, бүгінде оның 51,7 пайызы жұмысқа орналасыпты. Қанат Шамшатұлы көнт және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп жұмыс атқару барысында шаруашылықтармен және жеке кәсіпкерлерде тіркелмей жұмыс жасап жатқан жұмыскерлерді «Еңбек КЗ» порталы арқылы жариялатып, Жұмыспен қамту орталығы арқылы тұрақты жұмыстарға орналастыруда қарқын барын айтады. Жұмысқа орналасу бойынша төменгі көрсеткіш Мәдениет, Жаңа талап ауылдық округтер мен Жалағаш кентінде қалыптасқан. Ал Таң, Бұқарбай батыр, Мырзабай ахун ауылдық округтерінде бұл бағытта жүйелі жұмыстардың нәтижесі байқалады.

Аудан әкімі атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге нақты талдау жасалу қажеттігін қаперге салып, бөлім басшысына тиісті тапсырмалар берді.

– Халықтың әлеуметтік жағдайына жұмыс жасау – сіздің бөлімнің тікелей жұмысы. Сондықтан нақты жағдайды талдап айтуымыз керек. Шын мәнінде жағдай қалай? Шын мәнінде біздің жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайыз емес. Қазір мен көшедегі үш адамның екеуі жұмыссыз екенін сізге дәлелдеп бере аламын. Ал сіздің бөлім тарапынан атқарылған жұмыстарға, алдағы міндеттерге нақты талдаудың жолығына тағы да дәлел келтіре аламын. Егер сіз атқаратын жұмыстардың түсіндірмесі жақсы жүргізілсе, әкімдікке, мемлихатқа жұрт жұмыс іздеп бармайды. Сондықтан әлі де атқарылатын жұмыстарды қуейту керек. Мемлекет басшысы әкімдердің қызметін тиісті елді мекендерде ашылатын бос жұмыс орындарымен бағаланыпты аттап көрсетті. Себебі бізде тұрақтылық жоқтың қасы. Сіз айтып отырған жұмыстардың көбісі маусымдық. Ертең ол адам жұмыс істеп жатқан ғимараттың да, жолдың да құрылысы бітеді. Ол – ертең әлгі адам тағы да жұмыссыз қалады деген сөз. Ал ауылдардағы халықтың жұмыспен қамтылуы сондай шаруашылықтардың еңбегі екені тағы да шындық. Оны мойындауымыз керек. Сондықтан көнт ауылдық округ әкімдері, қолдарыңызда бұл бағытта атқарылатын жұмысқа қатысты меже бар, соны орындауды қатаң тапсырамын. Тұрақтылыққа қатысты болсын, ахуалға қатысты болсын негізгі салмақ көнт және ауылдық округ әкімдерінде. Бүкіл ауданның қоғамдық саяси ахуалы мен тұрақтылығын сіздер қамтамасыз етесіздер. Ал мен кейде кенттің, кейде ауыл әкімінің

рөлін атқарып келемін. Олай болмайды. Жауапкершілікпен бір елді мекенге жұмыс жасаймын деп талап қылдық па, сол өңірдің сенім үдесінен шығу керек. Елмен халықпен, тиісті шаруашылықтармен жұмыс жасауларыңыз керек, – деді аудан басшысы.

Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында қазір инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселеге айналғанын жасырмады. Расында бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы әсер етті. Оның деңгейі 19,2 пайызға жеткен. Салдарынан елімізде азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттады. Осы ретте Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шараларын тиімсіз деп бағалады.

Ауданда 6 айда пияз бағасы 2 есеге қымбаттаған

Президенттің сөзінше, Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеді. Яғни қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күресіп жатырмыз. Кешегі аппарат мәжілісінде бұл мәселе де назардан тыс қалмады. Ауданда өндірілетін өнімдердің көлемін арттыру арқылы азық-түлік бағаларын тұрақтандыру күн тәртібіндегі екінші мәселеге арқау болды.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Марат Қалниязов қазіргі таңда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы қымбаттап жатқанын жасырмады. Ол жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік өнімінің 15-і қымбаттағанын айтады. Атап айтқанда, ақ күріш 35 теңгеге, ұн 34 теңгеге, қарақұмық жармасы 5 теңгеге, рожки 115 теңгеге, сиыр еті 100 теңгеге, тауық еті 350 теңгеге, сүт 125 теңгеге, айран 100 теңгеге, ірімшік 400 теңгеге, сары май 40 теңгеге, құнбағас майы 65 теңгеге, жуа 190 теңгеге, яғни 2 есе, сәбіз 25 теңгеге, кент 325 теңгеге, тұз 5 теңгеге қымбаттаған. Ал 3 өнімнің бағасы арзандапты, олардың қатарында жұмыртқа, қырыққабат, картоп бар. Ал нан бағасы тұрақты дейді Марат Мәнерұлы.

Өңір басшысы бұл бөлімнің жұмысын



да қатаң сынның астына алды. Себебін зерттесек, бұл өнімдердің бағасы нарықта мұнан да жоғары екенін біз де жақсы білеміз. Сондықтан сыннан сабақ алып, аудан басшысы айтқандай, нақты жұмыс жасау қажет секілді.

Жыл басынан бері азық-түлік тауарларының ішінде бағасы 1,5-2 есеге дейін өскен өнімдер де бар. Мәселен, пияздың күні 6 айда 2 есеге өссе, қант 92,9, ірімшік 57,1, рожки 54,8 пайызға қымбаттаған. Осы ретте Марат Мәнерұлы ауданда өндірілетін өнімдер көлемін арттыру арқылы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік барын жасырмайды. Оның ішінде күріш, картоп, пияз, сәбіз дақылдарының көлемін арттыруымыз қажет деп есептейді. Бөлім басшысы мал шаруашылығын дамыту арқылы ет, сүт, айран, сары май, ірімшік өнімдерінің көлемін де арттыруға болады деп отыр.

Айта кетейік, биыл Жалағашта 35 486,5 гектарға егіс орналастырылған. Оның 18 501 гектарын Сырдың басты дақыл құрайды. 720 гектарға бидай, 73 гектарға қант қумайы, 42 гектарға арпа, 39 гектарға соя, 520 гектарға мақсары, 445 гектарға сүрлемдік жүгері, 5 гектарға сұлы, 2,5 гектарға қант қызылшасы, 4903 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 7186 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Мұнан бөлек 646 гектар картоп, 1108 гектар көкөніс пен 1296 гектар басқа да бақша дақылдары егілген.

Марат Мәнерұлы жылына 120-130 мың тонна қара күріш қамбаға құйылатынын айтады. Жергілікті шаруашылықтар жергілікті өнімді көршілес мемлекеттерге экспорттауда, биыл 1550 тонна ақталған күріш экспортталса, былтыр 2320 тонна Сыр салысы экспортқа шығарылған. Бүгінде ауданда 7 күріш ақтайтын зауыт жұмыс жасайды. Шаруашылық басшыларымен жиналған күріш өнімінің 30-40 мың тоннасын ақтап, арнайы қоймаларда сақтау арқылы жергілікті тұрғындарды күрішпен толық қамтамасыз ету жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу жоспарда бар екен. Яғни аудан халқын күрішпен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бар.

Баяндамашы әдеттегідей егінді әртарап-тандыру бойынша атқарылған шаруаның



Асқарбек ЕСЖАНОВ, аудан әкімі:

Атқарылған жұмыстың ел игілігін көруі тиіс

да жайын ортаға салды. Мұның ішінде бақша өнімдерінің көлемінде өсім бары бізді қуанытып отыр. Болмаса жыл сайын егер нәтиже болса, бұл өнімнің көлемін ұлғайтамыз деген мақсарының да, жүгерінің де, басқа да суды аз қажет ететін өнімнің егіс көлемін өсім байқағанымыз жоқ.

«Ер-Әліп» ШҚ тамшылатып суару әдісімен 24 гектар картоп, 5 гектар сәбіз және 2,5 гектар қант қызылшасын орналастырды. Қажетті тыңайтқыштарды уақытылы беру арқылы 24 га картоптың 1 гектарынан 40-50 тонна өнім алу жоспарлануда. Егіс басына өзіміз де барып көрдік. Осыдан екі апта бұрын картоп гүлдеп тұрған. Ал сәбізді шаруашылық кеш еккен. Оның да өзіндік себебі бар. Қызылшаның да шығымы жаман емес.

Шаруашылық төрағасының бұл жобасы ауданда бақша дақылдары мен көкөніс құнын қымбаттатпауға айтарлықтай оң әсер етері анық. Бірақ мұны жергілікті басқа да шаруашылықтар қолға алуы қажет. Оның үстіне биыл Жалағашта 500 гектар картоп, 1100 гектар көкөніс, 1200 гектар бақша дақылдары егіліпті. Ал облыс әкімінің суармалы жерлерден картоп, көкөніс, бақша

дәл осылай өтіп жатқан. Әдеттегідей күн тәртібіндегі бірінші нөмірі мәселелер дәл бұрынғы сұрлеумен айтылды, аудан басшысының ескертуінен кейін барып, қалған баяндамашылар мәселеге басымдық берді. Ауданда азық-түлік өнімдерінің алды 2 есеге қымбаттаған. Кейбірінің құны 50 пайыздан астам көтерілген. Ал біз мүмкіндік бар деп әлі жүрміз.

Кешегі Үкімет отырысында Президент білім саласын дамытуға қатысты нақты атқаратын шараларды да атап өтті. Жалпы саланы дамытуға қатысты өңірде атқарылған жұмыстардың нақты нәтижесі бар. Осы төңіректе атқарылған шараларды кеңінен тарқатқан аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы алдағы мақсат-міндеттерімен де бөлісті.

Баяндамашының сөзіне сүйенсек, ауданда 20 мектеп, 37 мектепке дейінгі ұйым, 3 қосымша, 2 арнаулы білім беру ұйымы мен көші мектеп жұмыс жасайды. Салада инфрақұрылымды дамыту басты назарда. Оған дәлел Жалағашта апатты жағдайдағы мектептер мәселесі шешілген.

айтады. Қазіргі таңда аудандағы 20 мектеп 223 бейнебақылау камерасымен қамтылған.

Бұл бөлім де аудан басшысының сынынан тыс қалмады. Салада атқарылған жұмыстар аз емес, сондай-ақ оның нәтижесі де жоқ емес. Десе де өңір басшысы Балалар жылы құр сөзбен, жай ұранмен өтпеуі қажеттігін Талғат Құрақбайұлының назарына салды.

– Қазір бізде қоғамның көңілі толмайтын екі сала бар. Оның бірі – білім, келесісі – денсаулық сақтау саласы. Қазақ «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» дейді. Алақандай ауданда тәртіп болуы керек. Сосын ең бірінші керегі бізге бала ғой. Олардың тәртібін, біліміне басымдық беріңіздер. Себебі олар – біздің болашағымыз. Балалар жылы дейміз, қазір жетінші айдың ортасынан асып барамыз. Ауданда Балалар жылы құр ұранмен өтіп жатыр. Әлі оларды қуантатындай ештеңе жасаған жоқпыз. Ертен ойын аландарын саламыз деп отырмыз. Бар сүйенеріміз сол ғана. Сондықтан бұған да басымдық беріңіздер. Сіздердің тараптарыңыздан ұсыныс немесе қозғалыс жоқ. Бастама көтеріңіздер. Құрығанда қайырымдылық шарасын өткізіңіздер. Бөріміз қолдауға дайынбыз, – деді өңір әкімі.

Мәжілістің күн тәртібіндегі төртінші мәселесі бойынша аудандық аурухананың бас дерігері Еркебұлан Мақсұтов баяндама жасады. Салада атқарылған жұмыстарды тарқатқан баяндамашыға да сын айтылды. Асқарбек Темірбекұлы сынды сабақ алып, мейлінше нәтижеге басымдық беру қажеттігін қаперге салды.

Қаражат қаралса да жол құрылысы әлі басталмаған

Күн тәртібіндегі соңғы мәселеге ауданда жол инфрақұрылымын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар арқау болды. Бұл жөнінде баяндаған аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Өмірзақ Елеусінов алдағы мақсат-міндеттерді де тілге тиек етті.

Расында ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды. Тіпті биыл да, көлер жылы да жол құрылысы бәсеңдемейді. Бізді әсіресе ауылдық елді мекендерде жол сапасына басымдық берілетіні қуанытып отыр. Бірақ бұл жаңалық ауыл тұрғындарын емес, кейбір ауылдық округ әкімдерін қызқытыпайтын секілді.

Мәселен, биыл 5 ауылдық округте ішкі көшелердің құрылысы жүргізіліпті. М.Шәменов ауылында бірнеше көшеге орташа жөндеу жұмыстары маусым айында басталуы тиіс болса, қазір шілденің 18-і, әлі бір көшенің де жол құрылысы басталмаған. Дәл осындай жағдай Аққыр, Мырзабай ахун, Еңбек ауылдық округтерінде де орын алып отыр. Тіпті бұл ауылдарда жол құрылысын жүзеге асыратын мердігер мекемелер сәуір айында анықталып қойыпты. Аудан басшысы бұл кемшіліктердің алдын алу қажеттігін елді мекен әкімдерінің қаперіне салды.

– Берілген қаражатты игере алмасаңыздар, анықталып тұрған мердігер мекемелер жұмыс жасай алмасаңыздар біз ол қаражатты алдағы жылы басқа ауылдарға береміз. Кенттің ішінде құрылыс жұмыстары қажет етіп тұрған қанша көше барын білесіздер ме? Кенттің ішін айнадай қылып қоюға болады. Ауылдық елді мекеннің халқы да сапалы жолдың игілігін көрсін деп ауылдарға бөліп жатырмыз. Ал сіздер оны түсінбейсіздер. Келер жылы да 500 млн теңге жол құрылысына қаржы қаралады. Оның да басым бөлігін ауылдық елді мекендерге бағыттауға тырысып жатырмыз. Бөлініп тұрған қаражатты игеруге жұмыс жасамасаңыздар басқа да ауылдар кезекте тұр, соларға басымдық беретін боламыз, – деді Асқарбек Есжанов.

Өңір басшысының сөзіне алып қосарымыз жоқ. Өткен айдың басында шалғайдағы Жаңадария ауылында болдық. Елді мекен 1964 жылы құрылған. Сол уақыттан бері ешқандай көшесіне асфальт төселмепті. Бірі бірінші рет орталық көшесі орташа жөндеуден өтіп жатыр. Ауыл халқының қуанышында шек жоқ. Ауылдағы ағайын үшін жол сапасы арманға айналғанын жақсы білеміз. Ал мәселені шешуге қаражаты бөлініп қойса да, әлі күнге дейін бірқатар елді мекенде жол құрылысының басталмауы қисынға келмейді. Сондықтан өңір басшысының ауыл әкімдеріне реніш орынды. Аудан әкімі айтқандай, атқарылған жұмыстың, оған бөлінген қаражаттың халық игілігін көруі керек.



Қайраткер ақын



Суға түсу қауіпсіздігін сақтаңыз

Күн ысыған сайын су айдындарында, жағалаулардағы халықтың қарасы көбейетіні белгілі. Отбасы, дос-жаранмен бас қосып, демалғысы келген тұрғындар жаз басталысымен өзен-көл жағалауына қарай ағылады. Демалуға келген тұрғындар су тіршілік көзі болғанымен, тілсіз жау екенін естен шығарып жатады. Апаттың айтып келмейтіні белгілі ғой, үлкенге де кішіге де суға түсу кезінде аса сақ болу қажет.



Суға әртүрлі жастағы адамдар түсе береді. Бірақ суға батқандардың көбісі-жастар, ер адамдар. Су айдындарында адамдардың қаза болуының себептері де әртүрлі. Суға батқандардың жартысы ережені бұзған азаматтардан болса, үштен бірі мас күйінде, енді бірі тыйым салынған орындарда суға шомылғандар, ал қалғандары үлкендердің қарауынсыз қалған балалар.

Адамның өмірінен артық құндылық жоқ. Сондықтан да, суға түскен кезде қарапайым ережелерді сақтау керек. Сонда ғана тілсіз жаудың қауіп қатерінен аман қалуға болады. Жоғарыда айтылған ескертпелерді ескерте келе айтарымыз: Жалағаш ауданының тұрғындарын судағы қауіпсіздік шараларына нөмқұрайлы қарамауға шақырамыз.

Жалағаш ауданы
төтенше жағдайлар бөлімі

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды.

Аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 16 шілдедегі шешімімен 2022 жылғы 31 шілдеге тағайындалған сайлауда М.Шәменов ауылдық округ әкіміне кандидаттар болып тіркелді.

1. Аширбеков Жанабай Турабаевич – 1964 жылы туылған, қазақ, «Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Мақпалкөл ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

2. Есжанов Галымжан Сансызбаевич – 1970 жылы туылған, қазақ, «М.Шәменов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкім, М.Шәменов ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

3. Ибраев Дәурен Сәбитұлы – 1990 жылы туылған, қазақ, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Бұқарбай батыр ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: **сейсенбі, сенбі** күндері.
Таралымы – 3111 дана.
Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

• Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
• Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
• Ең соңғы түрлі-түсті бет – 180 теңге;
Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68 үй. Жарнама бөлімі: 8 (724-31) 31-5-75, E-mail: Zhal_jarsh@mail.ru

Жыл өтіпті-ау өзіңсіз

Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де мәншілік емес. Ұзақ жылдар қаржы саласында қажырлы еңбек еткен азамат Маханов Суфханбердінің де бақилық болғанына жыл өтіпті. Ардақты азамат хақында өткен шақпен естеліктер айту жанымызға батса да тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа шара жоқ.

Маханов Суфханберді Мұқтарұлы 1959 жылы 14 шілдеде Жалағаш ауданы Т.Жүргенов ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1966 жылы қазіргі Ә.Оңалбаев атындағы №117 орта мектебіннің табалдырығын аттап, 1976 жылы тәмамдайды. 1977 жылы Алматы қаласындағы Алматы Халық шаруашылығы институтының дайындық бөліміне тыңдаушы болып қабылданып, 1982 жылы «Экономикалық жоспарлау» факультетін «Ауыл шаруашылығын жоспарлау» мамандығы бойынша бітірді. Ол 1982-1984 жылдары Жаңаталап совхозында экономист болып жұмыс жасап, 2000-2016 жылдары Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасының бас маман бақылаушы-тексеруші қызметін атқарды.

Ұзақ жылдар салатта еңбек етіп, министрліктің, комитеттің бірнеше рет «Құриет» грамоталарымен марапатталды. Жұбайы Ләйла екеуі 4 бала, 2 немере тәрбиелеп, бүгінде ұл-қыздары әр салада қажырлы еңбек етуде. Ардақты жән 2021 жылы 30 шілдеде дүниеден өтті. Сізді сағынышпен еске алу, рухыңа құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Өзің жайлы жазылар көп дастаным,
Ұл-қызыңды жақсылыққа бастадың.
Жатқан жерің жайлы болып өзіне,
Жұмақ болсын мәңгі мекен асқарым.

2022 жылы 23 шілдеде сағат 10.00-де Жалағаш кенті Төле би көшесі №85 үйде Маханов Суфханбердінің жылдық асы берілетінін барлық ағайын-туыс, құда-жөкжат, дос-жаранға хабарлаймыз.

Еске алушылар Махановтар әулеті

І Менің қолымда «Жаңадария» газетінің 1988 жылғы 26 мамыр күнгі саны. Газеттің төртінші бетінде «Тұрақты авторлардың творчествосынан» деген тақырыппен бір топ өлең жарияланыпты. Соның ішінде:

Анашым, көрдім түсімде,
Көгілдір тұман ішінде,
Көзайым болып өзіңмен,
Керікті абзал пішінде.
Көтерген жүктің қиының,
Қушыып қапты-ау иығың,
Қолыңнан келіп шөп жөп тұр,
Баяғы қызыл сиырың.
Амансыз, ана, аманбыз,
Түрленіп жатыр далам жүз.
Сыр бойы сәл-пәл жүдеулеу,
Аралға ғана алаңбыз.

Айтайын деген ойы да, сөзі де өткір. Көркемдік сапасы да әп-әдемі. Ағынан жарылып айтқан жыр жолдарынан анаға деген айнымас жылылықты сезінеміз. Бұл өлеңнің авторы – ақын Жақсыбай Сарбалаев. Енді оның қысқаша өмір жолымен танысайық.

Ол 1942 жылы «Таң» ауылында дүниеге келіпті. Өзінің айтуына қарағанда айы да, күні де беймәлім. 1959 жылы аудан орталығындағы Сталин атындағы №31 орта мектепті бітірген. Алғашқы еңбек жолын құрылыс мекемесінде ағаш ұстасына үйренуші болып бастаған, арасында №15 кәсіптік-техникалық училищедө оқып, тракторист - механизатор мамандығын алған.

1961-1964 жылдары Қызылорда қаласындағы медициналық училищедө оқып, фельдшер мамандығын алып шыққаннан соң, бір жыл медпункт меңгерушісі болған.

1965 жылы аудан қайта құрылған кезде аудандық «Жаңадария» газетінде әдеби қызметкер болып біршама уақыт еңбек етіп, өз мамандығына қайта оралып, 1984 жылға дейін аудандық санэпидстанция мекемесінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.

1984-1985 жылдары аудандық баспасөз тарату мекемесінің меңгерушісі, ал 1985-1990 жылдары аудандық оқушылар үйінде өлкетану үйірмесіне жетекшілік жасаған. 1990 жылдан бастап бірнеше жыл бойы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық бөлімшесінің бастығы болды. Бұған қосарымыз 1994-1999 жылдары аралығында бірінші шақырылған жергілікті мәслихаттың Мырзабай ахун атындағы сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты, 1999-2003 жылдары аралығында Бұқарбай батыр атындағы №10 сайлау округі бойынша облыстық мәслихаттың депутаты, 2003-2007 жылдары аралығында Еңбек сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты, 2007 жылы Аққұм сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

II

Менің өз басым оның әдебиет майданы деп аталатын үлкен өлемде көріне бастағанына, яғни оны білетініме 35 жылдан асып барады. “Осы жылдар ішінде оның бойынан не аңғардыңыз?” дейсіз ғой. Шынында не аңғардым? Баста осы жайлы өз білгенімді қағазға түсіру осы сұрақтан туған еді.

Академик Мұхаметжан Қаратаев «Өлеңнің бәрі өнер емес, өлеңшінің бәрі ақын емес. Талант атаулы сирек, тал-

ғам атаулы әрқалай. Бәрі де тарих сынында танылмақ, тарих таразысында өлшеніп, бағаланбақ» деп жазған еді.

Шындықты, ақиқатты айту ақын біткеннің бәріне тән қасиет деуге болады. Сол сияқты Жақсыбайдың өлеңдерінде де бұл мәселе айрықша орын алады. Ол өлеңді аз жазады, аз жазса да тілің күрмелмейтін, оқыған кезде өзіңді еріксіз үйіріп өкететіндей етіп жазады.

Еске түсер оралып қайран кездер, Қайран кездер, пәк сұлу Айнам-кездер.

Көктемнің сол бақыт көштерінде,
Тоты құсқа жібек көз жайған кездер.
Осылай ағытыла жөнелтетін өлең жолдары еріксіз өзіңді баурап алады, махаббат деген құдіретті сөзді көз алдына алып келеді. Өзің де өлеңмен бірге толғанасың, поэзия деген үлкен әлемге араласып, еріксіз басынды иесің.

Өзі жайлы ақын былай толғанады: Бір жырына қуанып,
Бір жырына түсінбей,
Бір жырын тұр сыр бағып,
Қашап соққан мүсіндей.
Ұсынасың, ал кейде,
Ой қазанда пісірмей
Осылайша біреулер,
Ақыл айтып бөседі.
Өлең-жырдың тағдырың,
Жеңіл ғана шешеді.
Менің айтқан сырымды,
Күндемекке кешейі.

Ақынның бұл өлеңін публицистикалық сарынмен жазылған деуге болады. Үнемі ізденумен жүретін ақын қай тақырыпқа жазса да өз кезеңінің құбылыстарына бей-жай қарамайтындығын аңғартады.

Сонымен қатар оның өлеңдерінде лирикалық теңеудің де молдығын айтқан жөн. Оған мысал ретінде мына өлеңін алуға болады.

Көп ішінде көрінбек дара тұлғам,
Ақын болып нәсіне жаратылғам.
Сәбидей сырқаттанып қала берем,
Салқын тиіп құстың да қанатынан.
Жалпы Жақсыбай – айтқысы келген ойын поэзия тілінде өрнектеуге өресі жеткен ақын. Мына өлең жолдары айтып отырған ойымызды одан әрі қуаттай түседі.

“Әжем қайда” дейді ұлым дерегі жоқ,
Дерегі жоқ, дер едім сенері жоқ,
Ойдан туып, айтам деп ойламаппын,
Алыста әжең бір күні келеді деп.
Күндеріңе болашақ сеніп келіп,
Ырағың көп жанның теріп беріп.
Ойламаппын сен шөгіп қалар-ау деп,
Бейнетін сегіз ұлдың көріп-көріп.

Ол – ақты ақ, қараны қара деп бетке айтуды өмірлік позициясына айналдырған азамат ақын. Сондықтан ол – қай кезде де бойындағы барлық күш-қуатын жұмсасам екен деген азамат. Ол сонымен де қымбат, сонымен де қадірлі.

III

Жақсыбайдың алғашқы өлеңдері 1982 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Көңіл әуендері» атты жинақта жарияланды. Сондай-ақ ақынның бір топ өлеңдері 2001 жылы «Алтын орда» баспасынан жарық көрген облыс ақындарының «Жыр жауһарлары» атты антологиялық жинағына енді. Бірсыпыра шығармалары 1998 жылы шыққан «Туғыры биік тұлға» (Т.Жүргеновтің өмірі жайлы), 1989 жылы шыққан «Жалағашым – жасыл бағым», 2006 жылы шыққан «Қазантаев мектебі» атты

кітаптарда жарық көрді. 2002 жылы «Үш қиян» баспасынан «Жыр жұлдыз» атты жыр кітабы өмірге келді.

Бүгін болсың, ертең болсын ақын жайлы жазғандағы басты мақсатымыздың бірі – оның қайраткерлігін айту. Мұны өз күнін көшіп келе жатқан ортасына жеткізу. Адамның дүниеге көзқарасы тұлға болып қалыптасуы өзінің жүрген, қарым-қатынас жасаған ортасына да, қазақтың белгілі ақын-жазушылары Зейнулла Шүкіров, Саид Баязитов, Нәсіраддин Сералиев, Сөйіл Боранбаев, Сейдулла Оспанов, Қомшабай Сүйенішов сынды таланттардың ортасында болып, олардың ақыл-кеңесін тыңдап, оны көңілге түйіп өскен азамат.

Бері келе өзінің де өресі биік өрге өрлеген қабілетімен Иранбек Оразбаев, Темірше Сарыбаев, Исраил Сапарбаев, Әскербек Рахымбекұлы, Адырбек Солбеков, Мешітбай Құттықов, Рүстем Жанаев, Асқар Кребәев сынды ақындармен етене араласып, өзінің де ақындық қабілетін таныта білді.

IV

Ол еліміздің қоғамдық өміріне де белсене араласты. Мәселен, 1982 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының VIII съезіне қатысты. 1993-1996 жылдары Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының II және III құрылтайына қатысу мәртебесіне ие болды.

ЮНЕСКО-ның шешімімен Ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында болып өткен республикалық жыр-мұшайрасына қатысып, бас бәйгені жеңіп алғанды.

Қайраткер ақынның қоғамдық негізінде атқаратын жұмысы да бір басына жетіп жатыр. Атап айтатын болсақ, аудандық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, аудан әкімдігі жанындағы жер-су, көше атауларын беру жөніндегі (ономастикалық) комиссия мүшесі, аудандағы шығармашылық орталықтың жетекшісі, «Нұр Отан» партиясының аудандық бөлімшесінің төралқа мүшесі болып абыройлы еңбек етті.

Айтуымыз керек, Қызылорда облысы Азаматтық альянсы Жалағаш аудандық бөлімшесінің төрағасы ретінде 2007 жылдың 14-17 қазан аралығында Астана қаласында болып өткен Қазақстанның III Азаматтық форумына қатысты. Осы форумға байланысты тоғыз министр қатысқан деңгелек үстел жиынына Жақсыбай Сарбалаевтың айтқан ұсыныс-пікірлерінің оған қатысқандардың әбден риза болғандықтарын оқырман қауымға жеткізуіміңіз артықшылығы бола қоймас деген ойдамын. Байқап тұрсаңыз, сырттан ауданға келген өнер адамдарынан, елден келген туған-туыстардан бұл үйдің есігі жабылмайды-ау, жабылмайды. Баяғыда үлкендерден «Қонақ өз нәсібесін өзі ала келеді» дегенді естуші едік. Сірә осы сөздің жаны бар-ау деймін.

– Осы үйдің келініне таң қаламын, үйіне кім келсе де ағынан жарылып қарсы алады, – дейді көрші біткендер.

– Келіндердің бәрі неге осындай болмайды екен, – дейді Тәкең ақсақал.

– Өзі ақыл болған соң, тәуірін таңдап алған ғой, – дейді Рәкен ақсақал.

– Тіл-көзіміз тасқа, – дейді көрші әже.

– Мен осы үйдің көршілеріне айран-асырмын, қайсысы болса да осы үйдің

әйелін мақтайды, ал оның күйеуін тілге тиек етпейді, сонда ол не бітіріп жүргені, осындай да қызық болады екен ау, – дейді осы үйдің жанашыр досы, республикаға танымал жырау Жұмабек Аққұлов.

Мұндай жылы ілтипатты көпшілік бекерден-бекер айтпайды. Анар келін – ақын болмаса да ақын жанының емшісі бола білген абзал ана. Ол – аты қазаққа мәлім Нартай Бекежановтың немере туысы. Жақсыбай да кезінде қармақты текті жерге салған ғой. Содан бері де қырық үш жылдың жазы мен қысын өткізіпті. Анар келін жоғары білімді ұстаз, зейнеткерлікке шыққанша балабақша меңгерушісі қызметін атқарды. Қазақ ССР Білім беру ісінің үздігі. Бұл екеуі өмірге екі ұл, бір қыз әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Ұлы Марат – кәсіпкер, қызы Дана – экономист, жолдасы Сәруар – кәсіпкер, қолындағы Тапқаты – аудандық мәслихатта жауапты қызметкер. Бұлардан жеті немере сүйген Жақсыбай өңгіме арасында тұңғыш немересі Динадан үлкен үміт күтетінін тілге тиек еткен бар еді.

Айтқандай-ақ бар екен. Динасы қазір Қызылорда қаласындағы №4 дарынды балалар дайындайтын мектеп-интернатта оқып жүр. 2001 жылы осы Астанада өткен Президент шыршасына қатысып, 214 оқушының атынан Тұңғыш Президенттің алдында Сыр бойы халқының сөлемін жырмен өрнектеп жеткізген еді.

Сондай-ақ 2007 жылы республикалық «Лияс Жансүгіров» атындағы оқуға қатысып, бас бәйгені жеңіп алды. Баланың жеңіспен оралуы – ата-ана үшін бақыт. Сол бақыт құсы баянды болсын дедік.

V

“Ақын болу үшін халқын сүйе білу керек” деген ұлағатты сөз бар. Жақсыбайдың халқымыздың әдет-ғұрпын, салтын, әдебиетін, туған топырағымыздың жанашырларын, шешендері мен билерің, батырларын жақсы білетіндігі соның дәлелі болса керек-ті.

Оған тән тағы бір қасиет, жасының ұлғайғанына, сырқаты барына қарамастан ел ішінде көп болды, ауыл-елді көп аралағанды жақсы көрді. Көп жүрген соң көптен жиі кездесті, көпті тыңдады, көптен сырласты.

Білетін адамың жайлы жазу қалай дегенде де жүгіңді жеңілдететіңі даусыз. Сол сияқты мен де әзіл-қалжыңымыз жарасқан, қаламдас тұстасым жайлы бастаған өңгімемді аяқтап келемін.

Ақынды қай кезде де халқы құрметтеген. Қайраткер ақын Жақсыбай Сарбалаев өмірден өтсе де ол жайлы алдағы уақытта айтылар да, жазылар. Ең әділ қауыт – уақыт, ол да өз бағасын береді. Мен соның бастамасын жасадым ғой деймін. Енді ол жөнінде мақаламды өзінің өлең жолдарымен аяқтамақпын.

Заманның жүгі жетпей ме қолдасуға,
Алдырмаған абзалы бойды ашуға.
Осылар ойыңды оспадарсыз,
Отыратын жеті күн ойласуға.
Иә, оқушым, осы өлең жолдарынан кейін мен де ой-толғағым тоқтау салып, қолыма қойдым, осыныма ақын рухы да риза болар деп ойлаймын.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

Ашық есік күні

Тұрғындарға кеңес берілді



Өткен жұмада Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде жергілікті атқарушы және коммуналдық қызмет көрсету бойынша сала басшыларымен ашық есік күні аясында жеке қабылдау өтті.

Алдын ала хабарланған ашық есік күніне келген аудан тұрғындарына жеке ұсыныстары және мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы орталық мамандары, аудандық жұмыспен қамту орталығы директоры Қ.Көшербаева, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ғ.Ербол және аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы М.Қалиязов, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Жаппасбаев, Қызылорда газ тарату жүйесі Жалағаш ауданы бойынша ұчаскесінің басшысы С.Жанашев кеңінен ақпарат берді.

Кеңес алуға келген аудан тұрғындары мен жастардың басым көпшілігінің сұрақтары тұрғын үй, несие алу арқылы кәсіп ашу және жұмысқа орналасуға қатысты болды. Кент және ауылдық округтерден келген кеңес алушылар ашық есік күнінен өздеріне қажетті мәліметтер алды.



Айта кетейік, ауданда кәсіпкерлік саласын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар арқылы іс бастауға ниетті азаматтар қатары артуда. Олардың алды жыл басынан бері қаржылай қолдауға жол жеткізіп, өздерінің жарқын жобаларын жүзеге асыруда. Мемлекеттік қолдау Жалағашта кәсіпкерлік саласына серпін қалыптастыруға септігін тигізуде. Әсіресе шалғай ауылдардағы жергілікті халықтың кәсіпке бетбұрысы қуантады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ойланайық



Жалағаштың орталығы жайылымдық жер емес

Сөз көп, біткен іс жоқ. Кенттегі жасыл-желекті жапырып, емін-еркін жайылып жүрген төрт түліктің жайын бұған дейін де бірнеше рет жазған едік. Мәселе жолға қойылмағасын осы тақырыпқа тағы да оралуымызға тура келді. Өйткені күнделікті кент орталығын жайылымдық жерге айналдырған ірі қаралардың қарасы көбейіп барады. Қорасындағы ақадал малына еге болмаған тұрғындар қанша айыппұл арқаласа да төрт түлігін тайраңдатып қойып отыр. Ал жауапты орындар заңға сәйкес әрекет етсе де жауапсыздыққа тосқауыл бола алмай тұр.

Жалағаштың жайқалып, жаңа кейіпке енуі үшін әрбір мекеме ұжымы көктем шыға көше жиегіндегі арық бойына қалемшелер отырғызып, ауданның абаттануына білек сыбана атсалысып жүр. Ауданда құрылыс саласы серпін алып, кент келбеті күннен-күнге ажарлану үстінде. Осы уақытқа дейін кентті көркейтіп-кеғалдандыру мақсатында қаншама тындырымды істер жүзеге асты. Тазалыққа басымдық беріліп, бірқатар мекеме ұжымы әр сенбілікте Жалағаштың жайқалып, жаңа кейіпке енуіне күш салды. Әрбір мекеме ұжымы көктем шыға ауданның абаттануына білек сыбана атсалысып жүр.

«Көрген кезде жазық жоқ» дегендей, енді осынша еңбекті бір-ақ сәтте жоққа шығарып, жайлап жүрген иесіз жайылған малдарды тезге салуға күш жетпей тұр. Қазіргідей дамыған заманда, отыздыққа үміткер мемлекетте тапа-тал түсте аудан орталығын бейберекет жайылымдық жер еткен мал иелерінің де бұл мәселеге бас қатырғысы жоқтығын байқап жүрміз. Көше бойында, вокзалда, мекеме алдындағы қиреберіске дейін өркін еніп жүре беретін төрт түлік түрлеріне тоқтау болмай тұр.

Елдің жайын қағазға түсіріп, билікке жеткізіп жүрген соң мына біздерге жұртшылықтың айтары көп-ақ. Әсіресе қазір жалағаштық ағайынның айтары иесіз ит-мысық пен төрт түліктің жайы. Мәселенің мәніне үңілсек, аудандық полиция бөлімі мен кент әкімшілігінің жұмысына кінә артуға келмейді. Қараусыз көзге түскен түлік түрлерін мезетінде арнайы орынға қамап жатқан кент әкімшілігі тұрғындарға ескертуден жалыққан емес. Осыған дейін арнайы орынға 35 сиыр, 14 қой-ешкі қамалыпты. Ал осы малдардың 4-5-еуі бір-бір үйге тиесілі екен. Тіпті бірнеше рет қайтталанып, ескертуді құлағына ілмеген 12 тұрғын айыппұл арқалапты. Бірақ бұл өзгелерге сабақ болмай тұрған сияқты. Кент көркейгенмен, көңілді күздей жығатын осындай мәселелер бар.

Ойлап қараңызшы, жайылымдық жерлерге үйренген мал кент ішінде қайдан жүр? Бұл сұрақ бәрімізді мазалайтыны рас. Иә, күн қызуы күшіне мінерден бұрын ертелетіп қорадағы малды жайылымға айдаса, ол қайтып келмейді. Ал тапа-тал түсте малыңызды қорадан шығарсаңыз, онда күннің ыстығында ауылдан алыс кетпейтіні анық.

«Түстік өмірің болса, кештік мал жина» деген қазақ. Ата кәсіпті қолға алғандар болсын жеке өзінің қажеттілігі үшін қорасын қарамен толтырғандар болсын біле жүруі керек, кент келбетін кетірген көз келген көрініс олардың да азаматтығына сын. Қараусыз жүрген малдардың иелері үшін арнайы айыппұл бар екенін ескертетін құзырлы органдар да қол қусырып отырмаған шығар? Бірақ жұмыс жүйелі болса, бірді-екілі емес, неге көшенің әр бұрышында жайылған малға көзіміз? Ағаштарды отағаны былай тұрсын, адам жүретін жолға тасталған нәжістерін қайда жазсырамыз? Таң қалатынымыз, бұрын-соңды ірі қара мал ғана жайылып жүргенін көрсек, қазір топ-топ ешкілер де емін-еркін қыдырып жүре беретін болды. Өзің тұратын өлкенің әр көмшілігі бәрімізге сын. Тәртіп бәріне ортақ. Ал тәртіпке бас иген құл болмайды.

Таңертеңгісін қорасынан шыққан малдың қай бағытқа кеткенінең қайда жайылып жүргенінен хабардар болмайтын қандай жауапсыз тұрғын дейміз кейде. Осы бір жауапсыздықтың кесірінен, тіпті түн ішінде көшеге өркін шығып кете беретін малға соқтығысудан талай мәрте көлік апаты да орын алды ғой. Елде жеке иелігінде төрт түлік ма-

лы бар тұрғындар малдарын көшеге, саябақтарға, теміржол мен автокөлік жолдарына, мекемелер территориясына, басқа да қоғамдық орындарға жіберуге болмайтынын білмейді бе? Малдың жол қозғалысына кедергі келтіретінін, қысы-жазы қараусыз жайылып жүре беретін іздеусіз малдың ұрлықтың құрбаны болатынын, аудан орталығын жайылымдық жер еткен төрт түлік көркейген ағаштарды тыптылып ететінін түсіну соншалықты қиын ба? Дәл осы мәселені қолға алатын, үн қосатын азаматтардың жоқ болғаны ма? Жауапты мамандардың жұмысы неге көрінбейді? Қазір малын қорадан бейберекет жібере салып, сосын жинап аламын дейтіндер малы көлік апатына себепкер болса, қарасын көрсетпейтін көрінеді. Өйткені қараусыз малдың иесі заң аясында өзі жауапқа тартылатынын біледі. Енді осы заңдылықты білген тұрғын мәдениетті, көркейген ағашты бүлдіру қиянат екенін, кенттің келбетіне нұқсан келтіру азаматтық атына сын екенін неге білмей қалды?

Біз мұнымен тырнақ астынан кір іздеп, өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай етейін дегеніміз жоқ, «Жоқ-тамағанның малы түгел» демекші, жай-барақат отырып, қып-қызыл шығынға ұшырап қалмасын дегеніміз. Жайылған малдың кесірінен қайғылы оқиғаға ұшырамайық деген ниетіміз. Жауаптылар жауапкершілікті білсе, әр тұрғын иелігіндегі ие бола алса, сіз де тыныш боласыз, біз де тыныш боламыз.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Мезгіл мәселесі

Салғырттық сан соқтырады

Қазір күн ысып, тұрғындар су айдындарың каналдарды төңіректеп, суға түсе бастады. Өйткені біз жақта ауа райының ерекшелігіне байланысты суға түсу маусымы ерте мамыр айында басталып кетеді. Осы тіршілік көзінің талай аңдамаған жанды сұм ажалдың құрығына салып бергенін де есте сақтамай келеміз. «Сақтансаң, сақтаймын» деген тәмсілді ұмытып кететініміздің соңы қайғыға душар етуі де мүмкін.



Жыл сайын суға түсу маусымы көзеңінде су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде азаматтардың әртүрлі себептермен суда қаза болу жағдайлары тіркеледі. Соңғы төрт жылдағы тіркелген жағдайларға зер салсақ, арты қайғылы оқиғамен аяқталғаны аз емес екен. Әсіресе сегіз адамның өмірін жалмаған тілсіз жаудың зардабынан 2017 жылғы оқиғаны айтпай кете алмаймыз. Дәл осы жылғы жазатайым оқиғадан қайтыс болғандардың екеуі бала. 2018 жылы екі адам ажал құшса, оның біреуі бала, 2019 жылы бір адам, 2020 жылы тағы да бір адам суға кеткен. Ал өткен жылы тілсіз жау екі адамның өмірін жалмаған. Жазатайым оқиғаның құрбаны болып жатқандар да кездеседі.

Аудандық төтенше жағдайлар бөліміне хабарласып биылғы суға кету дерегі тіркелмегенін білдік. Қауіптің беті ары болсын дейміз. Алайда қауіпсіздік шараларын сақтау, тек өз өмірімізді сақтаудың тетігі екенін түсінуіміз керек. Өйткені орын алған оқиғалардың барлығы қамсыздықтың салдарынан. Азаматтар мен жасөспірім балалар су айдындарының көз келген жерлеріне суға түсе береді, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Көп жағдайда жасөспірімдердің, балалардың үлкендердің қарауынсыз су айдындарының жағалауына баруы салдарынан оқыс оқиғалардың құрбаны болып жатады. Бұл ретте жазғы демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Оқушылар жазғы демалысқа шығар алдында да мектеп директорларының бақылауымен суға түсу маусымындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз бетінше су айдындарына бармау секілді ескертпелердің жан-жақты түсіндірілуі де аса маңызды.

Айта кетейік, аудан аумағында ресми түрде белгіленген, рұқсат етілген суға шомылатын орындар жоқ. Белгіленген суға түсу орындарының болмауынан азаматтардың суға түсу маусымында көп шомылатын орындары нақтыланып, бақылауға алынған. Көбіне тұрғындар Өйтек, Елтай, Ізбай каналы, Иіркөл, Асар-Төбе көлдері мен Сырдария өзеніне шомылады. Аталған шомылу орындарына ересектермен қатар жасөспірім, балалар да бой көрсетеді. Өкініштісі, суға түсу ережелеріне салғырт қарайтындар суға түспес бұрын денені шынықтыру, қыздыру керек екенін естен шығарып жатады. Осының салдарынан аяқ-қол тамырларының тартылып қалуы жиі кездеседі. Сондықтан судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау болып табылады.

Осыдан бір-екі жыл бұрын наурыз айында Қараөзек арнасының мұзы жарылуының салдарынан бір оқиға тіркелген еді. Нақтысын айтқанда, жоғарыда айтып өткеніміздей қауіпсіздік шараларын тек жаз мезгілінде суға шомылу кезінде ғана емес, мұз бетінде де қатаң сақтаған жөн. Ауыр салмақтан мұздың жарылып, адам өміріне қауіп төнуі де мүмкін. Ал ойылған мұз астына түсіп кеткен адамның қайта шығуы екіталай.

Бағамдасқа, қай өңірді алып қарасақ та суға көткендердің басым көпшілігі жасөспірімдер. Өйткені көп жағдайда жасөспірімдер, балалар үлкендердің қарауынсыз су айдындарының жағалауына баруы салдарынан оқыс оқиғаға тап болады. Бұл ретте әсіресе жазғы демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды әрі мақсатты жұмыс.

Төтенше жағдайлар бөлімі мамандарымен сөйлескенімізде, оқыс оқиғаның алдын алуда ата-аналар рөлінің зор екенін айтады. Өйткені бала жазғы демалысқа шыққан кезде күні бойы үйінде болатындықтан, көз келген ата-ананың баласын бақылауда ұстауы міндетті. Баланың қауіпсіздігі үшін тиісті мамандар, білім бөлімімен қоса ата-аналардың атсалысуы керек. Жауапкершілік жүгін мұғалімдерге артып қою, жазатайым оқиғаны тиісті мамандардың салғырттығынан деп түсіну дұрыс емес, әрине. Баланы бақылауда ұстау, су айдындарына барып-бармай жүргенінен хабардар болу, үнемі байланыста болу, оның араласатын ортасымен таныс болу, бос уақытын тиімді ұйымдастыру ата-аналарға қатысты міндеттемелер болуы керек.

Қарап отырсақ, атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан жыл сайын аудан аумағында азаматтардың, оның ішінде балалардың суға кету жағдайлары азаймай тұр. Қысқасы, қамсыздық қайғыға душар етпесін десек, жауапкершіліктің басым көпшілігін арқаалаған ата-аналар бұдан да сак болуы, ал жауапты мамандар оң нәтижеге жұмыс жасауы қажет. Ал аудандық төтенше жағдайлар бөлімі адам өмірінен артық құндылық жоқ екенін, сондықтан суға түскен кезде қарапайым ережелерді сақтау керектігін айтады. Сонда ғана тілсіз жаудың қауіп-қатерінен аман қалуға болады.

Нұр НАУАН

Ахуал

Әу баста Қытайдан шығып, төрткүл дүниені жайлаған індет біз түгілі батыстағы медицинасы озық, ғылым мен ілімнің алдыңғы қатарында тұрған елдердің өздерін шығарлаңға сағланы әлі есімізден кетпеді. Ауыр дерттің алдында дамыған мемлекеттердің өзі дәрменсіздігін көрсетті. Шынында бұл індет біздің ғана емес, жалпы әлемдегі адамзаттың бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Қазір бәрі бетперде киіп жүрсе, сондай-ақ міндетті түрде әртүлі антисептиктормен қолдарын залалсыздандырады. Жалпы адамдар денсаулықтың қадірін одан бетер түсінгенін байқауға болады.



Дерт қайта дендеді

Иә, біз коронавирустың қиын кезеңінен де өттік. Десе де, ғалымдардың сезінше, бұл вирус ешқайда кетпейді. Тұмау секілді ортамызда қалады екен. Сондықтан санитарлық талаптарды қатаң қадағалап, өз денсаулығымызға өзіміз жауапты болуымыз керек. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» дейтін қазақ, сол мәтелді өзгертетін жағдайға келген сияқтымыз.

Соңғы уақытта дерттің дүмпуі басылғандай болып, өз-өзімізге келіп, бір-бірімізбен емен-жарқын араласа бастаған едік. Алайда күтпеген қонақ секілді шілде айынан бастап интернет, теледидар, газет-журналдардан аты жаман індетпен ауырғандар саны дереу өскені хабарлана бастады. Ел арасында «Алматы облысы «қызыл» аймаққа кіріпті, қайтадан карантин басталады» деген секілді алып-қашпа әңгімелер де көбейіп, халықты өбірге салды.

ҚР Үкіметі жанындағы Қазақстанда коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы

2022 жылы 18 шілдедегі жағдай бойынша эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасын жариялады. Қуантарлығы, матрицаға сәйкес, еліміздің барлық өңірі «жасыл» аймақта екен. Алайда Covid-19 таралуына жол бермеу жөніндегі БАҚ баспасөз қызметі ұсынған деректерге сүйенсек, өткен тәуліктің 1477 адам коронавирус жұқтырған. Жалпы елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 1 318 044 адамға жетіпті. Ал енді аудандағы коронавирустың инфекция бойынша эпидемиологиялық ахуалға тоқталсақ...

Бас дәрігер Еркебұлан Мақсұтовтың ұсынған мәліметіне көз жүгіртсек, аудан бойынша 2022 жылдың басынан коронавирустың инфекция бойынша оң мәнді 176 жағдай тіркелген. Оның ішінде 49-ы симптомды болса, 127-сі симптомсыз. Сонымен қатар науқастармен қарым-қатынаста болған 8 адам үй карантиніне алынып, эпидемиологиялық зерттеулер жүргізілуде. Қазіргі таңда аудандық аурухана-

ның КВИ бөлімшесінде және Қызылорда облыстық КВИ модульды ауруханасында жатқан науқастар жоқ. Биыл жыл басынан бері 1390 ПТР тест алынып, 160-тан «оң» мәнді анықталған.

Жыл басынан Covid-19 инфекциясын емдеу мақсатында аудандық ауруханада 20 тесек орын ашылып, бүгінгі күнге дейін 36 адам ем қабылдаған. Қазіргі таңда эпидахуал тұрақтануына байланысты аудандық ауруханадағы КВИ стационар жабылған.

Жаман айтпай, жақсы жоқ, ауданда эпидемиологиялық ахуал күрделенген жағдайда 80 тесек орын ашылатын болады. Қазақ «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді ғой, вирусты жұқтырмаудың бір жолы вакцинациялау екенін халық түсінгені қашан. Сол себепті Жалағаш ауданы бойынша 2021 жылғы 9 наурыздан бастап «Гам-Ковид-Вак» коронавирустың инфекцияға қарсы вакцинациялау жұмыстары басталған. Вакцинаны аудан бойынша жалпы 19 448 адам ектірген, яғни 100

пайызға қамтылған. Сонымен қатар 2021 жылы 13 желтоқсаннан бастап КВИ-ға қарсы ревакцинациялау жүргізіліп келеді. Бүгінгі күнге 13266 адам ревакцинацияланған. Халықты вакцинациялау жұмыстары аудандық емхананың егу бөлімшесінде, жылжымалы медициналық көшенмен орталық алаңда және барлық елді мекендерде жүргізілуде.

Сондай-ақ коронавирус инфекциясымен немесе пневмониямен ауырған науқастарды үйде бақылауды ұйымдастыру бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тарапынан жұмысшы 7 мобильді топ құрылған. Топтың құрамында 7 аймақтық жалпы тәжірибелі дәрігер, 7 аймақтық жалпы тәжірибелі мейіргер күнделікті бақылау жұмыстарын жүргізуде. Жалпы Жалағаш ауданы бойынша эпидемиялық ахуал тұрақты, қазіргі таңда облыс «жасыл» аймақта.

Жандос ЖАЗКЕН

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.43.10318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның: *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1181

Кешкі редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru